



Автор: Балтабаева Бекзат Газизовна

Предмет: Қазақ тілі

Класс: 7-сынып

Раздел: Төрт түлік мал және егіншілік – ел берекесі

Тема: Төрт түліктің пайдасы.

Цели обучения (ссылка на учебную программу):	7.Т2.Тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, ақпараттың өзектілігін анықтау 7.О6. Тақырып бойынша деректер қолдана отырып мәтінде көтерілген мәселеге өз ойын дәлелдеп жеткізу.
Цели урока:	Барлығы: Мәтін мазмұнын түсініп, сұрақтар құрастырады.Төрт түлікті атай алады және олардың төлдерін айта алады. Көбі: Мәтін мазмұнын түсінеді, ақпаратты анықтауға бағытталған сұрақтар құрастырады. Төрт түлікті атай алады. Кейбірі: Мәтін мазмұнын түсінуге, нақты ақпаратты анықтауға бағытталған сұрақтар құрастырады.Басқа да төрт түліктің атауларын атай алады.Олардың пайдасы туралы айта біледі.
Языковые цели:	Пәнге тән лексика мен терминология: Тақырыбына қатысты жаңа сөздер мен терминология
Ожидаемый результат:	мәтін мазмұнын түсінеді; нақты ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыра алады. Таныс сөздердің мағынасын түсініп қолдана алады.
Критерии успеха:	
Привитие ценностей:	тарих, әдебиет,мәдениет және тіл
Навыки использования ИКТ:	PowerPoint, видеожазба арқылы сергіту сәтін орындау.
Межпредметная связь:	Орыс тілі,әдебиет пәнімен байланыс
Предыдущие знания:	Түйе,жылқы,сиыр,қой,ешкі

Ход урока

Этапы урока	Запланированная деятельность на уроке	Ресурсы
Начало урока	Ұйымдастыру кезеңі:оқушыларды түгендеу Ынтымақтастық орта қалыптастыру Мұғалім «шаттық шеңберін»құрғызып,ынтымақтастық атмосферасын орнату үшін оқушыларға: -Балалар,сендер қарым-қатынас барысында бір-біріне қандай жақсы сөздер айтасыңдар?-деп сұрайды. Қайырлы күн,көздерім! Ояныңдар ма?/қабақтарын сипайды/. Қайырлы күн,құлақтарым! Ояныңдар ма?/құлақтарын сипайды/ Қайырлы күн,қолдарым! Ояныңдар ма?/қолдарымен шапалақтайды/ Қайырлы күн,аяқтарым! Ояныңдар ма?/аяқпен жерді тебу/ Қайырлы күн,мұғалім! Мен ояндым!/ Күлімсіреп,мұғалімге қолдарын созады/. Балаларды «Жұлдыздар» әдісі арқылы 4 топқа бөлу.	

Этапы урока	Запланированная деятельность на уроке	Ресурсы
Середина урока	«Миға шабуыл» стратегиясы Мақсаты: Оқушылардың жаңа сабаққа деген қызығушылығын ояту мақсатында ой шақыру сұрақтарын қою Тиімділігі: Оқушылардың зейінін сабаққа шоғырландырады. -Балалар қазір мен сендерге интербелсенді тақта арқылы сұрақтарды көрсетемін,сендер мұқият тыңдай отырып жаңа сабақтың атын табасындар. Сұрақтар: -Төрт түлікке қандай жануарлар жатады? - Төрт түліктің төлдерін ата? -Төрт түлік бізге не береді? - Төрт түліктің қандай пайдасы бар? -Жақсы!Ендеше бүгінгі біздің тақырыбымыздың аты -Төрт түліктің пайдасы. Балалардан сабақта не істейтінімізді сұрай отыра сабақтың мақсатын анықтаймын. -Балалар біз сабақта не істейміз? -жазамыз,оқимыз,жаңа сөздерді өтеміз,қайталаймыз,мәтінмен жұмыс жасаймыз. -Өте жақсы. Содан кейін.мақсатты толық оқып беремін. Мақсаты: жаңа сөздермен танысады, есте сақтау қабілеттерін жетілдіреді, сөздерді орфоэпиялық нормаларға сай айту дағдыларын қалыптастырады. Тиімділігі: сөздерді бірнеше рет қайталау арқылы есте сақтау қабілеттерін дамытады, сөз қорларын байытады, сөздерді орфоэпиялық нормаларға сай айту дағдыларын қалыптастырады. Интербелсенді тақтаның көмегімен жаңа сөздерді қайталап суреттер арқылы меңгереміз. Дала кемесі-Корабль пустыни Жүк-груз,ноша Момын-спокойный пайдалы-полезный Мырзалық – щедрость Балалар, қазақ халқының барлық тұрмыс тіршілігі төрт түлік малмен тығыз байланысты. Яғни, жесе тамағы, мінсе көлігі, ішсе сусыны, кисе киімі, сатса ақшасы болған.Қазақ халқында әр түліктің иесі бар деп есептеген.Олар мал басын қорғап,сақтап,көбеюіне септігін тигізген. Оқылым.Мәтінмен жұмыс. Әр топқа мәтіннің бір бөлшегі беріледі.Оқушылар мәтін мазмұнымен танысып.сұрақ құрастырады. Топтық жұмыс. Флипчарт құрау. Бірінші топ төрт түліктен алынатын тағамдарды жазады. Екінші топ төрт түліктің шаруашылыққа тигізетін пайдасы туралы жазады. Үшінші топ төрт түлікті пайдалану арқылы жасалатын бұйымдарды жазады. Төртінші топ «түлік» сөзіне Синквейн әдісін қолданады. Оқушылардың шаршағандарын байқап,сергіту сәтін жасатамын. «Мен таптым»сергіту сәті. Қатысушылар дөңгелене отырып,кезекпен бірден жетіге дейін санайды.Жеті санын айтатын адам «Жеті»деудің орнына,орнынан тұрып, «Мен таптым»деп айтуы керек.Кім жаңылысса,сол ойыннан шығады. Жазылым.Грамматикалық тапсырма 1-топ. «Түлік»сөзіне фонетикалық талдау жасау 2-топ. «Түйе»сөзіне тәуелдік жалғауларын жалғау 3-топ. «Жануар»сөзіне септік жалғауын жалғау 4-топ. «Жылқы»сөзіне морфологиялық талдау жасау Жазылым.Мәтінмен жұмыс. Жұптық жұмыс Мәтінді тағы бір рет оқып,сүттен жасалатын тағамдарды бір бағанға,еттен жасалатын тағамдарды бір бағанға жазындар. Сүттен жасалған Еттен жасалған Критерий: 1. Мәтіннен сүт тағамдарын табады. 2. Мәтіннен ет тағамдарын табады Дескриптор: 1.Мәтіннің мағынасын түсінеді.	

Этапы урока	Запланированная деятельность на уроке	Ресурсы
Конец урока	Қорытынды 11.Үйге тапсырма: «Төрт түліктің пайдасы»тақырыбына эссе жазу (90 сөз)	
Рефлексия	ПОПС»формуласын қолданып,өз пікіріңді дәлелде Бірінші сөйлем. «Менің ойымша...». Екінші сөйлем. «Себебі мен оны ...деп түсінемін». Үшінші сөйлем. «Оны мендеген фактілермен,мысалдармен дәлелдей аламын». Төртінші сөйлем. «Осыған байланысты мен ...деген шешімге келдім».	